

Әдебиеттер

1. <https://abai.kz/post/15550>
2. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов., СПб.-Т.1.-1897.- 328с.
3. Струве К., Потанин Г. – Жайсаң көлі мен Қара Ертіс аумағынан Марқакөл, Сарытауға дейінгі саясат. – 1 том. 255-256 –бб.
4. Рахметуллин Е. XX ғасырдың I жартысындағы қазақ меценаттары: тарихы мен тағдыры. //e-history.kz.
5. Кенемолдин М. Қаражан Үкібаев кім? //Абай, №4, 2010.
6. Хасан С. Қазақтың байлары қазақтың қорғаны еді //aikun.kz
7. «Қазақ» газеті /Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
8. // «Қазақстан» газеті, №11, 24 сәуір, 1912 ж.
9. Мамания: Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер (Құраст.: Ж.Қалиұлы). – Алматы: Атамұра, 1991 – 272 б.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ

Джумалиева Л.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
қауымдастырылған профессор м.а., тарих ғылымдарының кандидаты, Нұр-Сұлтан қ.

Тәуелсіздікке ие болған алғашқы күннен бастап қазақстандық қоғамды ұйыстыру, барлық этностық топтардың тең құқықты өмір сүруін қамтамасыз ету мемлекеттің ұлттық саясатының іргелі бағыттарына айналды. Халық бірлігін сақтаудың ажырамас міндеті толеранттылықты дамыту және оған тәрбиелеу болып табылады. Бойымызда ұлттық намысты, өзінді-өзің сыйлау сезімін сақтай отырып, басқа мәдениеттерге, тілдерге, діндер мен дәстүрлерге де осындай сыйластықпен қарауға ұмтылу қажет. Толеранттылық этносаралық келісімнің маңызды қыры ол субъектілердің өзара түсіністігімен байланысты. Сондықтан келісім мен толеранттылық этносаралық қатынастардың құндылықтық негізі болып табылады.

Этносаралық және конфессия аралық келісімді, азаматтық бірлікті қамтамасыз ету Қазақстан дамуының, елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси жаңғыруының маңызды шарты болып табылады. Ғасырлар бойы қазақтардың тарихи мекенінде әралуан мәдениеттің, дін мен дәстүрлерді ұстанған көптеген халықтардың тағдыры тоғысты. Нәтижесінде 130- тан астам этнос пен 40 конфессия өкілдері қазақтармен бейбіт өмір сүретіндей айрықша жағдай қалыптасты. Сонымен қатар, түрлі этностардың ұзақ уақыт қатар өмір сүруі қоғамда төзімділіктің орнықты дәстүрлерін қалыптастырды.

Бүкіл қазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға,

этносаралық толеранттылықтың қазақстандық моделін жетілдіруге, республикада қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынас саласында мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының өзара әрекеттерінің тиімділігін арттыруға бағытталған [1, 40 б]. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтып өткен еді. 1995 жылғы 1 наурызда оның мәртебесін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлығы шықты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған уақытынан бастап, еліміздегі барлық этностардың татулығы мен теңдігі жарасқан толерантты әрі демократиялық мемлекет құруды басым бағыт етіп алған Елбасының саяси жігері мен көрегенді саясатына жан-жақты қолдау білдіріп келеді. Ассамблея Елбасы жүргізіп отырған мемлекеттік ұлттық саясаттың көрінісі ғана емес, сонымен бірге сол саясатты жүзеге асырушы маңызды тетіктердің бірі болып табылады [2, 111 б].

Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді. Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі оның еліміздің жоғары заң шығару органында - Парламентте этностық топтар мүдделерінің кепілді өкілдік етуін қамтамасыз етуі болып табылады. Ассамблея этносаралық келісімді жүзеге асырудың оңтайлы институты ретінде толық қалыптасып, өзінің белсенді қызметі арқылы, қоғамның барлық салаларында өз орнын танытты. Қазақстан халқы Ассамблеясының жемісті жұмысы, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды үйлесімді етуге, қоғамдағы өзара түсіністікті сақтау мен дамытуға қызмет етудің жарқын көрінісі болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық қатынастар мәселесін оңтайлы шешіп отырған ел ретіндегі Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне де өз үлесін қосып келеді. Ассамблеяның халықаралық байланыстар көкжиегін кеңейтуге бағытталған қызметі мен этномәдени бірлестіктердің азаматтық қоғам институттарымен өзара байланыстарын күшейту жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Сонымен бірге, еліміздегі бірлік, конфессияаралық және азаматтық келісім құндылықтарына негізделген мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруға Елбасы басым бағыттарын айқындап берген Қазақстанның ел бірлігі доктринасы негіз болды.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы бойынша ұлттық мәдени орталықтары мен Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы шешім мемлекет саясатының алысты болжаушылығының нақты куәсі болды. Ассамблея қызметі БҰҰ тарапынан да жоғары бағаланды [3, 35 б].

Этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудің басымдықтары Н.Ә. Назарбаевтың «Қоғамның идеялық ұйысуы Қазақстан прогресінің басты шарты» атты бағдарламалық еңбегінде, Қазақстанның

2030 жылға дейінгі даму стратегиясында, ҚР мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасында да көрсетілген. Бұл тақырыптұңғыш Президенттің «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл» кітаптарында, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларындағы баяндамаларында және өзге де сөйлеген сөздерінде жан-жақты көрсетілген.

Құшағы кең қазақ елі көптеген өзге ұлт өкілдерін бауырына тартты. Қазақстанда бір шаңырақ астында өмір сүріп жүрген түрлі ұлттар мен ұлыстардың бірлігі, ынтымағы басқа мемлекеттерге үлгі болды. Елімізде соңғы уақытта қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдері айтарлықтай көбейгені де басты жетістігіміз. Бұл – нағыз патриоттардың қазақ жеріне, мемлекеттік тілге деген құрметі. Олар тек қазақ тілін ғана емес, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын да құрметтейді.

Қазақстанның ұлттық идеясы көпұлтты мемлекетіміздің азаматтары мен алыс және жақын шет елдердегі қандастарымыздың жүрегіне жететін, жарқын болашаққа жетелейтін бағдар, рухани деңгейде әрқайсысына демеу болатын қасиетке ие көшбасшы ой - тұжырым болуы қажет. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында тарих пен мәдениет, әлеуметтік тәжірибелердің маңызы зор. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Бұл дегеніміз жаңа жаһандық демократиялық құндылықтардан бас тартпай, осы жаңашылдықты қалыптастыруда қазақтың дәстүрлі құндылықтарын жаңғырта отырып, ұлттық қорға сүйену болып табылады [4, б. 79-82].

Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін салушы Н.Ә.Назарбаевты айтуға болады. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі негізінде Қазақстанды мекендейтін барлық этнос өкілдерінің өзара түсіністігі пен төзімділігінде. Патриотизм мен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілік сынды қасиеттері жатыр.

Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі өзге ұлттар мен этностардың саяси тірегі және олардың саяси құқықтарын қорғаушы институт болып табылады. Оның жұмысы қазақ халқының бауырмалдығы мен кеңпейілділік қасиетіне негізделі отырып, елімізде тұратын барлық ұлыс өкілінің ықыласын ел дамуына, өркендеуіне және үйлестіруге бағытталған. Сондықтан мемлекетіміздегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны мен рөлін жоғары деп есептеймін.

Әдебиеттер

1.Тугжанов Е.Л. Политика межэтнической толерантности и общественного согласия в Республике Казахстан: политологический анализ: автореферат докт. полит.наук. - Астана, 2010, 40 с.

2. Народы Казахстана. Энциклопедический справочник. Алматы,- 2003, 111 с.

3. Тоғжанов Е.Л. Қазақстан Республикасы мемлекеттік этносаясат императивтері. - Астана, 2012, 35 б.

4. Жұмасұлтанова Г.А., Көшербаева Д.Б., Саяси модернизация. Алматы, - - 2012 ж., б. 79-82.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Джумалиева Л.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
қауымдастырылған профессор м.а., тарих ғылымдарының кандидаты, Нұр-Сұлтан қ.

Қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлін атқаруда. Аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылады.

Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі – ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана айналып қоймай, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналуында [1, 3 б.].

Қазақстандық ұлт құрудың ажырамас қыры – оның көпэтностығы және көпконфессиялығында. Толеранттылық, бірігу, мәдениетаралық және өркениетаралық диалог идеяларына бейілділігі – қоғамдық қатынастар аксиомасы. Билік пен азаматтық қоғам, этностар, мәдениеттер, діндер арасындағы диалог ұйымдастыру мәселелері ұлт құру процесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Диалог үшін, этносаралық және дінаралық қарым-қатынас қалыптастыруда институттардың өзара іс-әрекеттері үшін жағдай жасау, бір-біріне деген толерантты көзқарас Қазақстан жетістіктерінің негізін құрайды, бұл жетістіктерге рухани құндылықтар, халықтың бірлігі мен тұтастығы кіреді [2, 40 б.].

1995 жылы өткен Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының мәжілісінде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «Мен көп ұлтты, көп дінді, көп тілді елдің Президентімін. Қазақстанның бұл жағдайы талай заманғы, әсіресе, кейінгі екі ғасырдағы саясаттың салдары. Өз қызметімде республикадағы барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мүддесін жүзеге асыруды көздеймін. Мұндай мемлекетті ойдағыдай басқарудың мұнан басқа жол жоқ» деп қадап